

Көкшетау қаласының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № С-14/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 қазанда № 6095 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № С-25/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 07.12.2018 № С-25/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 20.03.2018 № С-19/11 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 546 бабына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 20.03.2018 № С-19/11 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Көкшетау қаласының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 20.03.2018 № С-19/11 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алтыншы шақырылған Көкшетау қалалық мәслихатының 14-ші кезектен тыс сессиясының төрағасы

М.Тукеев

Алтыншы шақырылған Көкшетау қалалық

Б.Ғайса

мәслихатының хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

Көкшетау қаласының
әкімі

2017 жылғы "19" қыркүйек

Е.Маржықпаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Ақмола облысы бойынша
мемлекеттік кірістер департаментінің
Көкшетау қаласы бойынша
мемлекеттік кірістер
басқармасының басшысы

2017 жылғы "19" қыркүйек

Б.Каримов

Көкшетау қалалық
мәслихатының
2017 жылғы 19 қыркүйектегі
№ С-14/ 3 шешіміне
қосымша

Көкшетау қаласының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 20.03.2018 № С-19/11 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№ р /с	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіштермен)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	4
2	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	5
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2,5
4	Ойын жолы	40
5	Карт	5
6	Бильярд үстелі	9